ONTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

**«БЕКІТЕМІН»**
**«ОҚМА» АҚ ректоры**
**_____________ М. Рысбеков**
**«____» ___________ 20 24 ж.**

# ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫНА БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ

**П 459-2024**

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | үшінші |

**Шымкент**

**1. «ОҚМА» АҚ** Кадрлық қызмет бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**
«_29_»_12_20_23_ №_4_хаттама

1 **2«ОҚМА» АҚ** Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ**
хаттама №_3_ _08.01_20_24_ж.

Құжатты **ҚАЙТА ҚАРАУ** жиілігі – 3 жыл

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1. | НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 4 |
| 2 | ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР | 4 |
| 3. | ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР | 4 |
| 4. | ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРЫНА БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ | 5 |
| 5. | ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫНА БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ | 17 |

# 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құжат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 23.11.2015ж. № 414-V (өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, 07.07.2020ж. №360-VI (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 04.07.2018ж. №171-VI (өзгерістер мен толықтыруларымен);
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 18 қарашадағы № 410-V Заңы;
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 ж. 17 маусымдағы №391 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 ж.20 қарашадағы № 591 бұйрығы;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік;
- СТ РК ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- ҚР СТ 3049-2017. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі.Талаптар және қолданулар бойынша нұсқаулар.(ISO 37001:2016. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі.Талаптар және қолданулар бойынша нұсқаулар);
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару.

# 2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады.
«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан мемдицина академиясы» АҚ,
ЖОО – жоғары оқу орны,
ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі,
НҚА – нормативтік құқықтық актілер,
ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам,
СБШ - салалық біліктілік шеңбері,
ҚР – Қазақстан Республикасы.

# 3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан әрі – Академия) профессорлық-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) лауазымдарының біліктілік сипаттамалары мыналар үшін негіз болады:

- Академиядағы рөлі мен орнын айқындайтын құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді әзірлеу;

- қызметкерлердің міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайтын лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу;

- ПОҚ және ғылыми қызметкерлерді конкурстық ауыстыру кезінде кадрларды іріктеу және орнықтыру;

- персоналды басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету;

3.2 Біліктілік талаптары профессорлық-оқытушылар құрамының (кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент және ғылыми қызметкерлер) лауазымдарына қолданылады.

3.3 Академияның штат кестесіндегі ПОҚ лауазымдарының атаулары осы Біліктілік сипаттамасында көзделген лауазымдардың атауларына сәйкес келуі тиіс.

3.4 Әрбір лауазымның біліктілік сипаттамасы бес бөлімнен тұрады: «кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары)», «еңбек функцияларының тізбесі», «еңбек функциялары», «білуі тиіс», «жеке құзыреттерге қойылатын талаптар».

## 4 ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРЫНА БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ

### СБШ - 8 Кафедра меңгерушісі

**Кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары):** Жоғары білім, ғылым докторы және(немесе) ғылым кандидаты және(немесе) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;

- клиникалық кафедралардың меңгерушілері үшін практикалық денсаулық сақтау саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға (пациенттермен жұмысқа) рұқсат алу үшін маман сертификаты;

- дене шынықтыру орталығының меңгерушісі үшін магистр академиялық дәрежесі және (немесе) спорт шеберіне кандидат және(немесе) спорт шебері атағы және (немесе) спорт түрлері бойынша халықаралық сертификатың болуы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3жыл.

### СБШ - 8 профессор

**Кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары):** Жоғары кәсіптік білім, ғылым докторы және(немесе) ғылым кандидаты және(немесе) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесінің, ғылыми атағының болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі;

- клиникалық кафедралардың профессорлары үшін практикалық денсаулық сақтау саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға (пациенттермен жұмысқа) рұқсат алу үшін маман сертификаты.

СБШ бойынша біліктілік деңгейі **- 8.**
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 8.3 ("ғылым кандидаты", "ғылым докторы" ғылыми дәрежесімен; "философия докторы (PhD) /бейіні бойынша доктор" дәрежесімен)

Еңбек функцияларының тізбесі:

| | |
|---|---|
| Міндетті еңбек функциялары | 1. Оқыту<br>2. Ғылыми зерттеулер жүргізу<br>3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру<br>4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру |

| | |
|---|---|
| Қосымша еңбек функциялары | 1. ЖЖОКБҰ коорпоративтік басқару жүйесіне қатысу<br>2. ЖЖОКБҰ стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл |

*Еңбек функциялары:*

<u>1-еңбек функциясы: Оқыту</u>

**1-дағды:** Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету

*Біліктер:*

1. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу.
2. Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.
3. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, білім алушыларымен кері байланыс орнату.

*Білімдер:*

1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары.
2. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қазіргі заманғы парадигмалары.

**2-дағды:** Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету

*Біліктер:*

1. Элемдік трендтерге сәйкес (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыты бойынша) білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды енгізу.
2. Мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).

*Білімдер:*

1. Практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары.
2. Кәсіп саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).

<u>Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу</u>

**1-дағды:** Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету

*Біліктер:*

1. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде пәнаралық, халықаралық (зерттеу нәтижелерін кейіннен коммерцияландыра отырып) орындауға басшылық жасауға және/немесе қатысу.
2. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жас ғалымдарды тарту.
3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында құрылымдық бірліктерінің ғылыми бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары (институттар, орталықтар, кафедралар, ғылыми зертханалар) ұйымдастыру, басшылық ету және қатысу.
4. Ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру.
5. Ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.

*Білімдер:*

1. Ғылыми зерттеулер әдіснамасы.
2. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар.

3. Ұлттық және жаһандық контекстегі заманауи ғылымды дамыту стратегиялары.
**2-дағды:** Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілген деңгейін дамыту
*Біліктер:*
1. Жас ғалымдардың зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу.
2. Зерттеушілік, оның ішінде жас ғалымдардың публикациялық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.
*Білімдер:*
1. Магистратура және докторантура білім алушыларының ғылыми зерттеулерінің ерекшелігі.
2. Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулердегі ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

<u>Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру</u>
**1-дағды:** ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету
*Біліктер:*
1. Оқу-әдістемелік жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру және әдістемелік құзыреттілікті дамыту.
2. Сабақтардың барлық түрлерін жоспарлау және өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білімнің ықпалдасуын қамтамасыз ету.
3. Жетекшілік ететін пәндер бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерінің оқу, оқу-әдістемелік жұмысын және профессор-оқытушылар құрамымен өткізу сапасын жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау.
4. Жетекшілік ететін пәндерді әдістемелік қамтамасыз етуді бақылау, жинақтау және әзірлеу.
5. Жоғары білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысқа қатысу.
*Білімдер:*
1. Үздіксіз білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі).
2. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес үздіксіз білім берудің білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру тетіктері.
3. Жас оқытушыларға тәлімгерлік ету стратегиялары, әдістері мен нысандары.

<u>Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру</u>
1-дағды: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету
*Біліктер:*
1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.
2. Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету.
3. Академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтау.
*Білімдер:*
1. Педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы.
2. Педагогикалық аксиология.
3. Жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.
**2-дағды:** Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру
*Біліктер:*
1. білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.
*Білімдер:*
жетекшілік ететін пәндер саласындағы жаңа білімнің педагогикалық (тәрбиелік) әлеуеті.

| |
|---|
| Қосымша еңбек функциясы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл<br>**1-дағды:** Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушылармен кәсіптік-педагогикалық коммуникацияны қамтамасыз ету.<br>2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы қызметкерлермен және әріптестермен іскерлік, сындарлы коммуникация (оның ішінде командалық және коллаборативті) құру.<br>3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасына кепілдік беру жөніндегі алқалы органдарда (академиялық комитеттер) жұмыс істеу.<br>*Білімдер:*<br>1. Қазіргі педагогикалық менеджменттің теориялары мен практикасы.<br>2. Кәсіби ортадағы әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарының стратегиялары, тетіктері.<br>2-дағды: Сыртқы стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту.<br>2. Болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту.<br>3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасының кепілдігі бойынша құрылымдарда жұмыс істеу.<br>4. Дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.<br>5. Түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.<br>*Білімдер:*<br>1. Шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары.<br>2. Халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер. |

**Білуі тиіс:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және ҚР ҒжЖБМ, ҚР ДСМ білім саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Академияның ішкі нормативтік құжаттары.

***Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:*** Мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

## СБШ-8 Доцент/Қауымдастырылған профессор

**Кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары):** Жоғары білім, ғылым докторы және(немесе) ғылым кандидаты және(немесе) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесінің, ғылыми атағының болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі және(немесе) мамандығы (қызмет профилі) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

- клиникалық кафедралардың доценттері және(немесе) қауымдастырылған профессорлары үшін клиникалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, дайындық бейіні бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға (пациенттермен жұмысқа) рұқсат алу үшін маман сертификаты.

СБШ бойынша біліктілік деңгейі **- 8.**
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 8.2 ("ғылым кандидаты", "ғылым докторы" ғылыми дәрежесімен; "философия докторы (PhD) /бейіні бойынша доктор" дәрежесімен)

Еңбек функцияларының тізбесі:

| | |
|---|---|
| Міндетті еңбек функциялары | 1. Оқыту<br>2. Ғылыми зерттеулер жүргізу<br>3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру<br>4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру |
| Қосымша еңбек функциялары | 1. ЖЖОКБҰ коорпоративтік басқару жүйесіне қатысу<br>2. ЖЖОКБҰ стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл |

Еңбек функциялары:

| |
|---|
| <u>1-еңбек функциясы: Оқыту</u><br>**1-дағды:** Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету<br>*Біліктер:*<br>1. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу.<br>2. Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.<br>3. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып білім алушыларымен кері байланыс орнату.<br>*Білімдер:*<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары.<br>2. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.<br>3. Андрогогиканың теориясы мен әдістемесі.<br>**2-дағды:** Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету<br>*Біліктер:*<br>1. Оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру.<br>2. Мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша).<br>*Білімдер:*<br>1. Практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары.<br>2. Мамандық саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| <u>Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу</u><br>**1-дағды:** Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету |

*Біліктер:*
1. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, оның ішінде пәнаралық, халықаралық (зерттеу нәтижелерін кейін коммерцияландыра отырып) орындауға басшылық жасау және/немесе қатысу.
2. Зерттеу нәтижелерін практикалық іске асыру үшін ішкі және сыртқы ғылыми мектептермен / орталықтармен коллаборация орнату.
3. Ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру.
4. Ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.

*Білімдер:*
1. Қазіргі ғылымның философиясы мен әдіснамасы.
2. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар.

**2-дағды:** Білім алушыларда зерттеу дағдыларының қажетті деңгейін дамыту

*Біліктер:*
1. Бакалавриат, магистратура және докторант білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу.
2. Бакалавр, магистрант және докторант білім алушыларының зерттеу, оның ішінде публикациялық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.

*Білімдер:*
1. Білім алушы магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулерінің ерекшелігі.
2. Ғылыми зерттеулерде бакалавр, магистрант пен докторант білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

<u>Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру</u>

**1-дағды.** ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

*Біліктер:*
1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерін жоспарлау және өткізу кезінде психологиялық-педагогикалық білім мен пәндік саладағы білімнің интеграциясын қамтамасыз ету.
2. Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, оның ішінде инновациялық білім беру бағдарламаларын іске асыру.
3. Оқу процесінде ғылыми-әдістемелік өнімдерді әзірлеу және қолдану.

*Білімдер:*
1. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі).
2. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру тетіктері.
3. Ғылыми мектептерді қалыптастыру мен дамытудың стратегиялары, әдістері мен формалары және жас оқытушыларға тәлімгерлік ету.

<u>Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру</u>

**1-дағды.** Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету

*Біліктер:*
1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.
2. Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету.
3. Академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтау.

*Білімдер:*

| |
|---|
| 1. Педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы.<br>2. Педагогикалық аксиология.<br>3. Жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.<br>**2-дағды:** Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.<br>*Білімдер:*<br>1. Жетекшілік ететін пәндер саласындағы жаңа білімнің педагогикалық (тәрбиелік) әлеуеті |
| <u>Қосымша еңбек функциясы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл</u><br>**1-дағды:** Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл<br>*Біліктер:*<br>1. ЖЖОКБҰ білім алушылармен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру.<br>2. ЖЖОКБҰ қызметкерлерімен және әріптестерімен командада жұмыс істеу.<br>*Білімдер:*<br>1. Білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары.<br>2. Академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері.<br>**2-дағды:** Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту.<br>2. Болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту.<br>3. дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.<br>4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасының кепілдігі бар бойынша құрылымдарда жұмыс істеу.<br>5. Түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.<br>*Білімдер:*<br>1. Шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары.<br>2. Халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер. |

**Білуі тиіс:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және ҚР ҒжЖБМ, ҚР ДСМ білім саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Академияның ішкі нормативтік құжаттарын.

**Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:** Мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

## СБШ-7 Аға оқытушы

**Кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары):** Жоғары білім, маман, жоғары оқу орнынан кейінгі білім (интернатураны, резидентураны аяқтағаны туралы куәлік және(немесе) магистр академиялық дәрежесі), ғылыми-педагогикалық қызметте оқытушы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі және(немесе) мамандығы (қызмет профилі) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

СБШ бойынша біліктілік деңгейі **- 7.**
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 7.2 (ғылыми дәрежесі жоқ)

Еңбек функцияларының тізбесі:

| | |
|---|---|
| Міндетті еңбек функциялары | 1. Оқыту<br>2. Ғылыми зерттеулер жүргізу<br>3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру<br>4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру |
| Қосымша еңбек функциялары | 1. ЖЖОКБҰ коорпоративтік басқару жүйесіне қатысу<br>2. ЖЖОКБҰ стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл |

*Еңбек функциялары:*

Еңбек функциясы 1: Оқыту

**1-дағды:** Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету

*Біліктер:*

1. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, дәріс, семинар және практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.
2. Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.
3. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланыс орнату.

*Білімдер:*

1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары.
2. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.

**2-дағды:** Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету

*Біліктер:*

1. Оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру.
2. мамандықтағы инновацияны оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

*Білімдер:*

1. Практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары.
2. Мамандықтар саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу
**1-дағды:** Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету
*Біліктер:*
1. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға қатысу.
2. Ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру.
3. Ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.
*Білімдер:*
1. Ғылыми зерттеулер әдіснамасы.
2. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар.
3. Ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілер.
**2-дағды:** Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту
*Біліктер:*
1. Бакалавриат білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу.
2. Бакалавриат білім алушыларының зерттеу қызметі мен жариялау белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.
*Білімдер:*
1. Бакалавриат білім алушыларының ғылыми зерттеу дағдыларын диагностикалау.
2. Ғылыми зерттеулерде бакалавриат білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру
**1-дағды:** ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету
*Біліктер:*
1. Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту.
2. Кәсіби біліктілігін арттыру.
3. бакалавриаттың семинар/практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білім интеграциясын қамтамасыз ету.
4. Оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдану.
*Білімдер:*
1. Ғылым және жоғары білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі).
2. Психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттары.
3. Заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.

Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру
**1-дағды:** Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету
*Біліктер:*
1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.
2. Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету.
3. Академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтау.
*Білімдер:*
1. Педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы.
2. Педагогикалық аксиология.
3. Жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.

| |
|---|
| **2-дағды:** Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.<br>2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.<br>*Білімдер:*<br>1. Педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).<br>2. Мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігі (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| <u>Қосымша еңбек функциясы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл</u><br>**1-дағды:** Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл<br>*Біліктер:*<br>1. ЖЖОКБҰ білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру.<br>2. ЖЖОКБҰ қызметкерлерімен және әріптестерімен командада жұмыс істеу.<br>*Білімдер:*<br>1. Білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары.<br>2. Академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері.<br>**2-дағды:** Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту.<br>2. Болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту.<br>3. Дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.<br>4. Түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.<br>*Білімдер:*<br>1. Шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары.<br>2. Халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер. |

**Білуі тиіс:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және ҚР ҒжЖБМ, ҚР ДСМ білім саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Академияның ішкі нормативтік құжаттарын.

**Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:** Мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

## СБШ-7 Оқытушы / Ассистент

**Кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары) Оқытушы:** Жоғары білім, маман, жоғары оқу орнынан кейінгі білім (интернатураны, резидентураны аяқтағаны туралы куәлік және(немесе) магистр академиялық дәрежесі), ешқандай жұмыс тәжірибесі талаптарынсыз.

**Кәсіптік білім деңгейі (лауазымға қойылатын біліктілік талаптары) Ассистент:** Жоғары білім, маман және(немесе) интернатураны, резидентураны аяқтағаны туралы куәлік және(немесе) магистр академиялық дәрежесі және ешқандай жұмыс тәжірибесі талаптарынсыз медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға (пациенттермен жұмысқа) рұқсат алу үшін маман сертификаты.

Интернатура деңгейінде ассистент лауазымын атқару үшін жоғары/бірінші дәрігерлік біліктілік санатының және(немесе) практикалық денсаулық сақтау саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы.

Резидентура деңгейінде ассистент лауазымын атқару үшін жоғары дәрігерлік біліктілік санатының және(немесе) практикалық денсаулық сақтау саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы.

СБШ бойынша біліктілік деңгейі **- 7.**
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 7.1 (ғылыми дәрежесі жоқ)

Еңбек функцияларының тізбесі:

| | |
|---|---|
| Міндетті еңбек функциялары | 1. Оқыту<br>2. Ғылыми зерттеулер жүргізу<br>3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру<br>4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру |
| Қосымша еңбек функциялары | 1. ЖЖОКБҰ коорпоративтік басқару жүйесіне қатысу<br>2. ЖЖОКБҰ стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл |

*Еңбек функциялары:*

| |
|---|
| Еңбек функциясы – 1. Оқыту<br>**1-дағды:** Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету<br>*Біліктер:*<br>1. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын (дәрістерден басқа) ұйымдастыру және өткізу.<br>2. Білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша семинар оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.<br>3. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланыс орнату.<br>*Білімдер:*<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары.<br>2. Студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.<br>**2-дағды:** Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету<br>*Біліктер:* |

1. Оқу сабақтарын өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру.
2. Мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары білім беру даярлау бағыты бойынша).

*Білімдер:*
1. Практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары.
2. Кәсіп саласындағы қазіргі тенденциилар (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

<u>Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу</u>

**1-дағды:** Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету

*Біліктер:*
1. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар /шығармашылық жобалар мен жұмыстарды орындауға қатысу.
2. Ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру.
3. Ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.

*Білімдер:*
1. Ғылыми зерттеулер әдіснамасы.
2. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар.
3. Ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілер.

**2-дағды:** Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту

*Біліктер:*
1. Бакалавриат білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу.
2. Бакалавриат білім алушыларының ғылыми-зерттеу/ғылыми-шығармашылық қызметі мен жарияланымдық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.

*Білімдер:*
1. Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің ерекшелігі.
2. Ғылыми зерттеулерде/ шығармашылық жобаларда бакалавриат білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

<u>Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру</u>

**1-дағды:** ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

*Біліктер:*
1. Оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту.
2. Кәсіби біліктілікті арттыру.
3. Бакалавриаттың семинар/ практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білім интеграциясын қамтамасыз ету.
4. Оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдану.

*Білімдер:*
1. Жоғары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі).
2. Психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттары.
3. Заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.

Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру

**1-дағды:** Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету

*Біліктер:*

| |
|---|
| 1. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.<br>2. Білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету.<br>3. Академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаларын сақтау қағидаттарын сақтау.<br>*Білімдер:*<br>1. Педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы.<br>2. Педагогикалық аксиология.<br>3. Жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.<br>2-дағды: Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру<br>*Біліктер:*<br>1. Білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру<br>2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.<br>*Білімдер:*<br>1. Педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).<br>2. Мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігі (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| Қосымша еңбек функциясы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл<br>**1-дағды.** Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл<br>*Біліктер:*<br>1. ЖЖОКБҰ білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру.<br>2. ЖЖОКБҰ әріптестерімен және қызметтерімен командада жұмыс істеу.<br>*Білімдер:*<br>1. Білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары.<br>2. Академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері. |

**Білуі тиіс:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және ҚР ҒжЖБМ, ҚР ДСМ білім саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Академияның ішкі нормативтік құжаттары.

**Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:** Мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

## 5 ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ

### Бас ғылыми қызметкер

Жоғары білім, ғылым докторы және(немесе) ғылым кандидаты және(немесе) философия докторы (PhD) дәрежесі, ғылыми атағы, Хирш индексі 7-ден кем емес болуы, соңғы 5 жылда Scopus индекстеген кемінде 2 жарияланымның болуы (Article или Review).

**Жетекші ғылыми қызметкер**

Жоғары білім, ғылым кандидаты (және)немесе философия докторы (PhD) дәрежесі, ғылыми атағы, Хирш индексі 3-тен кем емес болуы, соңғы 5 жылда Scopus индекстеген кемінде 1 жарияланымның болуы (Article или Review).

**Аға ғылыми қызметкер**

Жоғары білім, ғылым кандидаты және/немесе философия докторы (PhD) дәрежесі, соңғы 5 жылда кемінде 3 ғылыми еңбектің (монографиялар, рецензияланатын журналдарда мақалалардың жариялануы) болуы.

**Ғылыми қызметкер**

Жоғары білім, магистр академиялық дәрежесінің болуы, еңбек өтіліне талап қойылмайды.

**Әзірлеген:**

| **Қызметі** | **Т.А.Ж.** | **Күні** | **Қолы** |
|---|---|---|---|
| Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі | Елеусизова Г.Л. | 29.12.2023 | |

**Тексерген:**

| **Қызметі** | **Т.А.Ж.** | **Күні** | **Қолы** |
|---|---|---|---|
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Ержанов Н.А. | 05.01.2024 | |
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | Кабиштаев О.А. | 05.01.2024. | |

**Келісілген:**

| **Қызметі** | **Т.А.Ж.** | **Күні** | **Қолы** |
|---|---|---|---|
| Бірінші проректор | Есиркепов М.М. | 08.01.2024 | |
| Қаршы-шаруашылық қызметі жөніндегі проректор | Сейтжанова Ж.С. | 08.01.2024 | |
| Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор | Анартаева М.У. | 08.01.2024 | |
| Комплаенс-офицер | Пернебаев Н.А. | 08.01.2024 | |